



ҚАЗАҚСТАН
РЕПУБЛИКАСЫ
АКІМДІГІ

ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ

Абай – біздің әкеміз



Он тоғызыншы ғасырда күпі киген дала жұртының қалың ортасынан шығып, арада тұтас бір дәуірді көктей өтіп, «арпалыс алақұйын заманалардың» дақ қазіргі жағдайында Абайдың кесімді сөзіне құлақ түріп, әруағынан именетін халді басымыздан өткеретініміз қалай? Алайда, бұл сипаттамалар жеткіліксіз, жалаң, көкейдің ұзындығына тілдің қысқалығы сәйкеспейтін қорлығынан айтар сөзінің ажарынан айрылатын әдеті. Қазақты бөліп-жармай, тұтас күйінде қараған Абай «ел бүлігі Тобықтыны» түйреп өтетін тұстары болмаса, бүкіл ой ағысын тәуелсіз елдің ойшылына ұқсап өрбітеді. Бұл – тілдің сол баяғы қысқалығы. Әйтпесе, Абай қазақ болмысына үңіліп, жасаған тоқтамы саһараға лағып, ауаға ұшпай, ата-баба айтқан өсиетпен үндесіп, қанатты сөзге айналып кеткен жоқ па! Содан бүгінгі біздер Абай сөз кестелерінің пішімін дайын күйінде ала салып, аузымызға дуа кіргізгендей «бәйге атындай аңқылдаймыз». Күпі киген қазақта еуропалық әшекейден де өткен «Жаздыгүні шілде болғанда» өлеңіндегі көрініс қазақ деп соққан жүректі тербемей қоймайды. «Шынжыр балақ, шұбар төс» Құнанбай ұлының «Байым байғұсым десін» деген шал бейнесінен бейшаралықты байқау ерекшелігінің сыры – дүние құбылыстарынан хабары мол адамның қолтаңбасы аңғарылады. «Бір ғасыр уақыт түк емес, он жыл дегенің байқатпай өте шығады екен» деп аға мен інінің наз-базыналы әңгімесінің үстінде ақсақал жазушының айтқан сөзінен жеңілдім» деп еді кезінде Қадыр ағамыз. Бір ғасырдың 13 жылын өткеріп жатқан біздер жасымыз-жасамысымыз, көксақал-ақсақал – бәріміз түгел Абай нұсқасынан жаңылған мүшкіл хәлімізді өзімізден жасырғанымызбен Алла-Тағаланың алдында қайтіп жасыра аламыз. Салтыков-Щедриннің есіміне Абай тегіннен-тегін жүгінбеген. Болыстықтан биік лауазым жоқ бодандағы қазаққа Абай мінеген мінездер тәуелсіздік алған бүгінгі халыққа арналып айтылғандай алыс-жақын шенеуніктердің бейнесін еріксіз көз алдына келтіресің. Антұрған категориясына астар бере түскен Абай бүгінгі тірі жүрген көбімізден мемлекетшіл. Осыдан бір ғасыр бұрын бөтенге өзін сыйлатудың жолын ұсынған ақынның ескертпесіне 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы нақ көз жеткізіп берген еді. Орыстілді қазақ патриоттарының романтикасы Абайдың ұлтын аямай сынаған тұстарын бөтен елдің алдында ұятқа қалдырады деп аса жақтыра бермейді. Бірақ олар ақынның бүгінгі тірі жүрген кейіпкерлері. Көбі ұлтты тұтас күйінде қабылдамай, жекелеген рулардың аясында қарайтын бағыты – алып жөнелетін басы қатты аттан аумайды. Байғұс байдан гөрі арлы

кедейді жоғары бағалаған Абай – біздің әкеміз. «Шалма ораған сопының ішін арам демейін». Осы жол тәржімаға телінсе де Абай бақылауының қасіретті шындығы қамсыз-мұңсыз жүрген біздің жан-дүниемізді қамшымен осып-осып өтетін секілді. Абай орамының бір ширегіне татымайтын сөз құрастырып тұрып, күпірлік сөйлеген кездерімізді кешіре гөр жаратқан ием.

Жұмабай Шаштайұлы.